

**«Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебі» КММ-нің жанынан құрылған  
қамқоршылық кеңес отырысының**

**№ 1 хаттамасы**

**Өткен уақыты:** 25.08.2022 ж

**Өткен орыны:** «Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебі» КММ

**Қатысқаны:** 9

**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңесін құрамын құру, мүшелерін бекіту, бұйрық шығару.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2021-2022 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
3. Жалпыға міндетті оқуға қамту қорының есебінен көмек беруді сұрап, өтініш берген отбасы балаларының әлеуметтік жағдайын анықтау.
4. 2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол акциясына» қатысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастыру.

**Тыңдалды:**

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Тастанбеков Мұрат: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 03.05.2022 жылғы №194/1 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңесінің құрамымен таныстырып, сол құрам бойынша бұйрық шығатыны туралы айтып өтті. Сонымен қатар 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспармен таныстырып, бекітуге ұсынды.
2. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ринат Темирланович жалпыға міндетті оқуға қамту есебінен көмек беруді сұрап, өтініш берген балаларының жағдайларына, құжаттарына тоқталып өтті. Тегін ыстық тамақ пен және тегін мектеп формасымен қамтылатын балалар тізімін ұсынды.

**Жарыс сөздер:**

**Тоқтағұлова Гүлжауар:** Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебінің жанынан құрылған қамқоршылық кеңесінің жұмысы жақсы жүргізіліп келеді. Осы құрамда қалғаныма өзім қуаныштымын. Мектеп жақсы бірлесіп жұмыстар жүргізуге өте ыңғайлы. Ешқандай мәселе жоқ. 2022-2023 оқу жылына жоспарланған іс-шаралар мазмұнды. ДТІЖО ұсынып отырған балалардың

құжаттары ережеге сай. Көмек алушылардың тізіміне кіргені дұрыс деп ойлаймын.

**Рахимова Асем:** Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ринат Темирланович жалпыға міндетті оқуға қамту есебінен көмек беруді сұрап, өтініш берген балаларының жағдайларына, құжаттары ережеге сай. Тізімге қосыға қарсы емеспін. Жоспар бойынша атқарылатын жұмыстарға белсенділік танытамыз.

### Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылы бойынша бір ауыздан қабылданған шешім бойынша қамқоршылық кеңес құрамы бекітіліп, бұйрық шығарылсын. Бұйрық шығару мектеп директорына міндеттелсін. 2022-2023 оқу жылына арналған жоспар бекітілсін.
2. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан ұсынылған оқушыларды тегін ыстық тамақ пен тегін мектеп формасымен қамтамасыз етуде өтініштері мен тұрмыстық жағдайын зерттеу актілерін негізге алып тізімге енгізу ДТІЖО Ринат Темирлановичке тапсырылсын.
3. «Мектепке жол» акциясына, басқа да ұйымдастырылатын шараларға белсенді қатысуға жұмыстар жүргізу және оқушылардың қауіпсіздіктері туралы ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қамқоршылық кеңесінің әр мүшесіне міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:




Мұрат Тастанбеков

Мүшелері:



Г.Токтағулова




С.Омаров



Е.Абжекенов



И. Садыханова



Т.Токтагулов



Н.Тусупханова



А.Рахимова



Б.Алекеева

Хатшы:



Г.Ергалиева

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша  
білім бөлімінің «Ғ. Мүсірепов атындағы орта мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінде кезектен тыс өткізілген қамқоршылық кеңес  
отырысы

## ХАТТАМАСЫНЫҢ ШЕШІМІ №2

Жиналыс төрағасы: М. Тастанбеков

Жиналыс хатшысы: Г. Ергалиева

Кеңес мүшесі: С. Омаров

Кеңес мүшесі: И. Садыханова

Кеңес мүшесі: А. Рахимова

Кеңес мүшесі: Б. Алекеева

Кеңес мүшесі: Т. Тоқтағұлов

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 1

Байтоғас ауылы

### КҮН ТӘРТІБІ :

1. Жалпыға міндетті оқуға қамту қорының есебінен көмек беруді сұрап,  
өтініш берген отбасы балаларының әлеуметтік жағдайын анықтау.

### Тыңдалды:

2. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасары Асаубаев Ринат Темірланұлы сөйледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64  
Қаулысымен таныстырып өтті. Осы Қағидалар "Білім туралы" 2007 жылғы  
27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 21)  
тармақшасына сәйкес әзірленген және мемлекеттік білім беру  
мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай  
санаттарына:

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі – білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындайды.

Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының алқалы басқару органы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 Қаулысы.

Міне, осы қаулыда айтылған санатқа жататын 15 оқушының ата-аналарынан түскен өтініштерді қарап қанағаттандыру мақсатында кеңеске ұсынып отырғандығы айтылды.

Бірінші өтініш иесі Аменгазина Меруерт көпбалалы, жалғыз басты ана. Тұрақты жұмысы бар, жалғызбасты ана, 6 баласы бар. Атаулы көмек алмайды. Мектепте балалары Мадиярұлы Еділ 11 сыныпта, Мадиярұлы Ералы 7 сыныпта оқиды.

Екінші өтініш иесі Сабыржанова Ләйле жалғыз басты ан, тұрақты жұмысы бар. Мектеп қабырғасындағы балалары Оралұлы Бейбарыс пен Оралұлы Бекарыс 8-сынып оқушылары , жартылай жетім. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды.

Үшінші өтініш иесі Мухатова Арайлым жалғыз басты ана. Тұрақты жұмысы бар. Атаулы көмек алмайды. Мектепте оқитын баласы Маратқызы Іңкәр 9-сыныпта оқиды.

Төртінші өтініш иесі Сулейменова Назгуль әлеуметтік жағдайы төмен отбасы. Тұрақты жұмысы бар, жалақысы жеткіліксіз. Атаулы көмек алмайды. Мектепте оқитын балалары Арманұлы Аслан 11 сынып, Арманқызы Шұғыла 9-сынып оқушылары.

Бесінші өтініш иесі Кудайгенова Инара әлеуметтік жағдайы төмен отбасы. Тұрақты жұмысы жоқ. Атаулы көмек алмайды. Мектепте оқитын

балалары Архатқызы Каусар 6- сынып, Архатқызы Дина 4-сынып оқушылары.

Алтыншы өтініш иесі Мамекеева Ұлжан көпбалалы , әлеуметтік жағдайы төмен отбасы. Тұрақты жұмысы бар, жалақысы жеткіліксіз. Атаулы көмек алмайды. Мектепте оқитын балалары Бекболатова Балнұр 9-сынып, Рауанұлы Бақдәулет, 5-сынып, Бекболатова Айнұр 6-сынып, Бекболатова Ақнұр 2-сынып оқушылары.

Жетінші өтініш иесі Рахимова Майгуль әлеуметтік жағдайы төмен отбасы. Тұрақты жұмысы жоқ. Атаулы көмек алмайды. Мектепте оқитын баласы Рахимбекова Еркеназ 6- сынып оқушысы.

Сегізінші өтініш иесі Ибраева Әйгерім әлеуметтік жағдайы төмен отбасы. Тұрақты жұмысы жоқ. Атаулы көмек алмайды. Мектепте оқитын баласы Шалқар Айару 3- сынып оқушысы.

Тоғызыншы өтініш Асылгазина Назым әлеуметтік жағдайы төмен отбасы. Еңбек ақысы аз. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды. Жолдасы жұмыссыз. Мектепте оқитын баласы Еркінова Көркем 2 «А»-сынып оқушысы

Жоғарыдағы өтініш иелерінің жағдайы тыңдалды.

### **Жарыс сөз:**

#### **1. Тастанбеков Мұрат (камкоршылық кеңестің төрағасы):**

Біздің мемлекетіміз халық жағдайына жыл сайын аса көңіл бөліп, ана мен балаға көмек түрлерін кеңінен ұсынып , осы мемлекетімізде тұрып жатқан әр адамға көмектесіп жатыр. Жоғарыда өтініш білдірген ата-аналардың отбасылық жағдайларын анықтай келе, Мамекеева Ұлжанның төрт баласын, Кудайгенова Инараның екі баласын , Рахимова Майгульдің бір баласын, Ибраева Әйгерімнің бір баласын, Сулейменова Назгкльдің екі баласын жоғарыда көрсетілген құжаттарды негізге ала отырып, мемлекет тарапынан берілетін тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіп, тізімге енгізу қажет деп санаймын.

## 2. Тоқтағұлов Тұрсынғали-кеңес мүшесі:

Осы жоғарыдағы өтінішті негізге ала отырып, асыраушысы жоқ Оспанова Арайдың екі баласын тізімге енгізуді ұсынамын. Қазіргі қымбатшылық заманда азық-түлік, отын-көмір, оқушылардың оқу-кұралдары, киім-кешектері, дәрі –дәрмектің барлығы дерлік қымбат болғандықтан мемлекет тарапынан атаулы әлеуметтік көмек алмағандықтан, осы тізімге қосса дұрыс болар еді деп ойлаймын. Сонымен қатар аталған отбасылардың балаларын атаулы әлеуметтік көмекке жатпай қалуына байланысты тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуді сұраймын.

4. Рахимова Асем -кеңес мүшесі: Біз барлық өтінішті қарап, жағдайларын салыстырып отырмыз. Сондықтан, мен осы тізімге әкімшіліктен дәлелдеме қағаздары бар отбасылардың балаларын қосуды сұраймын! Себебі тұрақты жұмыстары болғанымен қаражаттары жеткіліксіз.

### ШЕШІМ:

2022-2023 оқу жылында «Әлеуметтік аз қамтылған» және «Көп балалы отбасынан» шыққан оқушыларды тегін ыстық тамақпен және тегін мектеп формасымен қамтамасыз етуде, тегін ыстық тамақ және тегін мектеп формасын алушылар тізіміне төмендегі оқушылардың өтініштері мен тұрмыс жағдайын зерттеу актісі негізге алынып тізімге енгізіліп, өтініштері қанағаттандырылсын.

Олар: Бекболатова Балнұр

Бекболатова Айнұр

Бекболатова Ақнұр

Рауанұлы Бақдәулет

Шалқар Айару

Рахимбекова Еркеназ

Арманұлы Аслан

Арманқызы Шұғыла

Архатқызы Дина  
Архатқызы Каусар  
Еркінова Көркем


Жиналыс төрағасы:

 М. Тастанбеков

Жиналыс хатшысы:

 Г. Ергалиева

Кеңес мүшелері:

 С. Омаров

 А. Рахимова

 И. Садыханова

 Т. Токтағұлов

 Б. Алексеева

**«Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебі» КММ-ның жанынан құрылған**

**Қамқоршылық кеңес отырысының**

**№3 ХАТТАМАСЫ**

**Өткен күні:** 18.11.2022ж

**Өткен орыны:** Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Байтоғас ауылы, «Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебі» КММ

**Қатысқаны:** 7

**Қатыспағаны:**0

**Күн тәртібінде:**

1. Тәртібі қиын оқушылармен жұмыс.

М.Тастанбеков

2. «Дұрыс тамақтану-денсаулықтың кепілі» мектеп оқушыларының тамақтануын қадағалау. Ыстық тамақ тізіміне ұсынылған балалардың хабарламасы туралы.

А.Рахимова

**Тыңдалды:**

**Қамқоршылық кеңес төрағасы М.С.Тастанбеков:** Мектептегі оқушылардың сабаққа кешікпей келулері, сабақты себепсіз босатпаулары, мұғалімдермен, басқада қызметкерлермен қарым-қатынастары профилактика ұйымының жетекшісімен және ДТІЖО -мен бірлесе жұмыс атқара отырып, бақылау жүргізілілгені туралы және нәтижесінде тәртібі қиын оқушылар анықталмағаны жөнінде хабарлама жасады.

**Қамқоршылық кеңес мүшесі А.У.Рахимбаева:** 2022-2023 оқу жылы бойынша тегін ыстық тамақ тізіміне енгізу туралы 16 оқушының тізімі қарастырылғаны жөнінде, сол оқушылардың ұсынған құжаттары бойынша талапқа сай оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтылу тізіміне ұсынылғаны туралы тоқталып, түсіндіріп өтті.



## Жарыс сөздер:

### Омаров Серік:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жасалған хабарламаларға көңілім толды. Тегін ыстық тамақ тізіміне қосылған балаларға келісемін. Мектептің тәртібі бәрімізге ортақ. Мектеппен үнемі тығыз байланыста болайық.

### Е.Абжекенов :

Мектебіздің оқушыларының тәртіптері жақсы. Естіп, біліп отырамыз. Жалпы мемлекет тарапынан бастауыш сынып оқушыларын толық ыстық тамақпен қамтыса жақсы болар еді.

### Шешім:

1. Хабарламашылар М.Тастанбековтың және А.Рахимованың жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Мектеп оқушыларының тәртіптерін қадағалауда және жарыстарға баруда демеушілік жұмыстарды жүйелі жүргізу М.Тастанбековқа міндеттелсін.

Шешімге қарсы, қалыс қалғандар жоқ. Осы шешім бірауыздан мақұлданды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшысы:

Кеңес мүшелері:

 М.Тастанбеков

 Г. Ергалиева

 Т.Тоқтагулов

 Е.Абжекенов

 Б.Алекеева

 И.Садыханова

 А.Рахимова

 С.Омаров

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанынан құрылған қамқоршылық кеңесінің отырысының хаттамасы.

Өткен уақыты: 13.01.23

Қатысқаны :9

Қатыспағаны: жоқ

### **Хаттама № 4**

#### **Күн тәртібі:**

1. Аналар клубы жиналысына қатысу.
2. Қыздар тәрбиесі
3. Жалғызбасты отбасыларға көмек беру.

#### **Отырыс барысы :**

##### **1. Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Тастамбеков Мұрат жалпы мектептегі қыз балаларға қатысты тәрбие жөнінде айтып өтті, ол мәселе бойынша мектептегі қыздар ұйымының жұмысына да тоқталды. Қамқоршылық кеңестің жұмысындағы жалғыз басты отбасылардың жағдайларын біле отырып, оларға берілген кеңестерге тоқталып өтті.

##### **2. Сөз сөйлегендер:**

###### **1. Садыханова .И**

Жалпы қазір қоғамда болып жатқан келеңсіз жайттар ,яғни ұлдар емес қыз балалардың арасындағы төбелестер, бір – біріне әлімжеттік жасау ,кемсіту, келемеждеу фактілері өте көп орын алған .Әрине бұған заман емес, оны жасап жатқан адамдар кінәлі. Қыз бала тәрбиесіне да жанұяда ерекше көңіл бөліну керек, қазақ халқында қыз қылығымен баурап, өзінің инабаттылығымен , имандылығымен ерекше көзге түсуі керек.

Бір қуантарлығы ауыл қыз балалары инабатты болып келеді. Соған қосып айтарым мектепте қыз балалар тәрбиесі өте жақсы жолға қойылған. Оларға жан жақты тәрбие беруде өте тамаша шаралар , тәрбиелік мәні бар жұмыстар өткізіледі, міне сол жұмыстарды өткізіп, басы қасында жүрген ұстаздарға алғыстан басқа айтарым жоқ.

###### **2. Тусупханова. Н**

Бүгінгі кеңесте өте ауқымды мәселелер айтылып жатыр, қыз балаға тәрбиені мектеп ғана емес, жанұясы да жақсылық беру қажет деп ойлаймын, себебі ол болашақ ана, болашақ келін. Қыз баланың достары да, қоршаған ортасы да қауіпсіз болу керек. Олар Батыстан келіп жатқан менталитетімізге кері

тәрбиелермен сусындамау керек, телефондардағы теріс ықпалдарға ермеулері қажет. Осы орайда атқарылып жатқан мектептегі қыздар ұйымы жұмыстарына, психолог жұмыстарына көп рахмет. Сіз болып, біз болып қыз балалар тәрбиесін жақсартуға ат салыса берейік.

Жалғызбасты отбасылардың жағдайларын біліп, олармен үнемі тығыз байланыста болу қажет деп санаймын.

### Шешім :

1. Мектептегі қыз балаларға беріліп жатқан тәрбие жұмыстары күшейтілсін, оны жандандыру мектептің қыздар ұйымының жетекшісі Райсбекова Аселге тапсырылсын.
2. Мектептегі қыз балаларға берілетін тәрбие бағытындағы жұмыстарды бақылап, басшылыққа алып, тәртіп бұзушылықтар орын алғанда дер кезінде әкімшілікке хабарлап отыру тәрбие ісінің орынбасары Р.Т. Асаубаевқа тапсырылсын.
3. Жалғызбасты отбасыларға кеңестер беріп, олармен үнемі байланыс жасап отыру кеңес мүшелеріне тапсырылсын.

Камқоршылық кеңес төрағасы : М. Гастамбеков *Мга*

Хатшысы : Г. Ергалиева *Ег*

Кеңес мүшелері : Т. Токтагулов *Ту*

Г. Абжекенова *Аб*

Б. Алеева *Ал*

И. Садыханова *Ис*

А. Рахимова *Ра*

Г. Токтагулова *Тг*

С. Омаров *Ом*

Н. Тусупханова *Тх*

**«Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебі» КММ-нің жанынан құрылған  
қамқоршылық кеңес отырысының**

**№ 5 хаттамасы**

**Өткен уақыты:** 12.05.2023 ж

**Өткен орыны:** «Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебі» КММ

**Қатысқаны:** 9

**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібінде:**

1. Оқушылардың қауіпсіздігі. Жаз кезіндегі оқушылардың демалысын ұйымдастыруға қатысу.
2. Аз қамтылған отбасының балаларына демеушілік көрсету.
3. 2022-2023 оқу жылында атқарылған іс-шаралардың қорытындысы.

**Тыңдалды:**

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы М.Тастанбеков: 2022-2023 оқу жылында атқарылған іс-шаралар жұмыстарының жүргізілу барысына тоқталып, оның ішінде оқушылардың қауіпсіздіктері мен аз қамтылған оқушыларға жасалған қамқоршылық көмек туралы айтып өтті.

**Жарыс сөздер:**

**Омаров Серік:** қамқоршылық кеңесінің төрағасы күн тәртібінде қарастырылған мәселер бойынша және жыл көлемінде атқарылған жұмыстардың қорытындысна жақсы баяндама жасады. Мұқтаж отбасыларға көмектесу өте дұрыс. Алдағы уақытта да осында шараларға белсенді болайық.










**Садыханова Индира:** қорытынды баяндама мазмұнды, түсінікті әзірленген. Аталған отбасыларға жасалған қамқорлық шараларымызды арттырсақ оданда жақсы болады деп ұсыныс айтамын. Жыл көлемінде аз қамтылған отбасылардың балаларына берілген ыстық тамақтар өте жақсы деп есептеймін. Келесі оқу жылы 1-4 сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылатыны көңіл қуантарлық болды. Оқушылардың қауіпсіздігі мектепте жақсы ұйымдастырылған.

### Шешім:

2022-2023 оқу жылы қамқоршылық ұйымның жүргізген шаралары бойынша әзірленген баяндама қанағаттанарлық деп бағалансын. Келесі оқу жылында ұйымдастырылатын «Мектепке жол» акциясына, басқа да ұйымдастырылатын шараларға белсенді қатысуға жұмыстар жүргізу және оқушылардың қауіпсіздіктері туралы ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қамқоршылық кеңесінің әр мүшесіне міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Мұрат Тастанбеков

Мүшелері:

 Г.Токтагулова  
 С.Омаров  
 Е.Абжекенов  
 И. Садыханова  
 Т.Токтагулов  
 Н.Тусупханова  
 А.Рахимова  
 Б.Алекеева  
 Г.Ергалиева

Хатшы:

